

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Қасымбекова Гулзакира				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	05.06. - 09.06.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Аквариумдағы балықты коректендіру. Мақсат-міндеттер: тапсырылған іске қамқорлық, жауапкершілік сезімін дамыту. (еңбек дағдылары)	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарықтандыру мен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту. Сумен және өсімдіктермен жұмыс жасау кезінде ұқыптылықты, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға бейімдеу. (еңбек дағдылары)	"Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттер: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. (еңбек дағдылары)	"Кітап бұрышын тәртіпке келтір". Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. (еңбек дағдылары)	Ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
	"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен") Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын,	Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау	Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау	Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау

	дамыту. Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ,	жағымды эмоцияларды дамыту. Бас бармақ – атам, Балан үйрек - әжем, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен, Міне, менің барлық отбасым. Құралдары: саусақтарға кигізілетін маскалар. Көркем сөз. Достарды жинайық, Мұнараны құрайық. Үлкені үстіне орташасын, Оның үстіне кішкентай данасын, Қоямыз да Дананы қуантамыз. (сөйлеуді дамыту) Пирамидаларды	қабілеттерін дамыту. Ойын маған ұнайды, Көп ойнауға болмайды. Күні бойы доп қусаң, Ақыл-білім қонбайды. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Лото" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар.	қабілеттерін дамыту. Үйге мықты қабырға керек, Адамға жылы үй керек. Жылы үйде тоңбайсың, Ойнайсың да ұйықтайсың. Көп шаруа тындырасың Қонақты да шақырасың. (сөйлеуді дамыту) "Суретті жина" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету. Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер. (математика негіздері)	қабілеттерін дамыту. Менің үйім осындай, Кең, жарық та қонақжай. Шақырамын, келіңдер! Көмектесіп жіберіңдер. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Үй салу" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту. Ойын құралдары. "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Тәрбиеші өз
--	--	--	---	---	--

	Тоқ-тақ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) Жылдам келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан! (Алақандарды жайып, өзара уқалау) Қуанышпен қарсы алады: - Алақай! Алақай! (Алақандармен шапалақтау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	күру жаттығулары. Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту. (танымдық дағдылар)	(танымдық дағдылар)		ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)
--	---	---	-----------------------------------	--	--

Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу: "Достық". Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес, Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту) (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар "Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Кесе, шыны, пияла. Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Біздің көшедегі үйлер" тақырыбындағы суреттерді қарау. Мақсат-міндеттер: балаларды әңгіме құрастыруға	"Біз қайда болдық - айтпаймыз..." ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялдық ойлауын	"Үйді салғым келеді" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына	"Қалпақ және кішкене таяқша" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу.	Құрылыс туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді жаттау. Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілеттерін

	дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, өз ойларын толық жеткізуге үйрету. (сөйлеуді дамыту)	дамыту. Балалар таңдаған жүргізуші есіктен шығады, ал қалған балалар мұғаліммен бірге кімді немесе нені бейнелейтінін келіседі. Содан кейін жүргізуші кіріп: "Бізге қай жерде болғаныңызды айтыңыз, не істедіңіз?" Балалар жауап береді: "Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" (егер олар акцияны бейнелеуге келіскен болса) немесе "біз кімді көргенімізді көрсетеміз" (егер олар жануарды бейнелесе) және т.б. Ойын барысында мұғалім балаларға	сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Үйді салғым келеді, (Шапалақтау) Қабырғасы керегі, (Шапалақтау) Қабат-қабат кірпіштер (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) Қатар-қатар кезегі. (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) Шатыр болса төбесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою) Ұшбұрыштай жебесі,	Ойнаушылар шеңбер жасай тұрады. Ойын бастаушы белгіленеді, ол кішкене таяқшаны алады да шеңбердің ортасында тұрады. Тәрбиеші оның басына қалпақ кигізеді. Қалпақ баланың мұрнына дейін кигізіледі, көздеріне тимей-ақ, оның көзін жабады. Балалар қолдарын ұстасып, шеңбер бойымен жүгіреді де: «Бір, екі, үш, төрт бес — кішкене таяқша тықылдайтын болады» - дейді. Бұл уақытта ойын басқарушы жүресінен отырып кішкене таяқшамен еденді тақылдатады. Балалар соңғы сөзбен тоқталады, ал ойын	дамыту. 1. Ер қадірін ер білер, Зер қадірін зергер білер. 2. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз. 3. Қазаншының өз еркі Қайдан құлақ шығарса. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
--	--	--	--	--	--

		жануарлардың немесе заттардың өзіне тән белгілерін табуға және оларды мәнерлі жеткізуге көмектеседі. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	(Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою) Терезелер - көзайна. (Көздерді ашып-жұму) Мен ғой - үйдің иесі. (Алақандарды өз кеудесіне салу) Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	басқарушы кішкене таяқшасын балалар жаққа сілтейді. Кішкене таяқша кімді нұсқаса, сол кішкене таяқшаның ұшынан ұстайды да, ойын басқарушының атын атайды, ал ойын басқарушы кім оны атады, соны табуы керек. Жаңа ойын бастаушымен ойын қайталанады. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Менің қалам" Мақсат-міндеттер: Балаларға қала туралы түсінік беру, қаланың құрылысы туралы әңгімелеу, құрылысшылар туралы айту.	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Құммен ойнаймыз" Мақсат-міндеттер: Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Туған қалам" түрлі-түсті тұзды қамырдан тақырыптық мүсіндеу. Мақсат-міндеттер: Қаламызда әр-түрлі үйлер, көшелер, дүкендер, дәріханалар,	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Құм қалашығы" Мақсат-міндеттер: Балалардың құм туралы білімдерін бекіту, құммен қарапайым тәжірибе жасай білу; қолдың ұсақ моторикасын	Музыкадан ойын-жаттығу "Біздің әсем қала" Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын

		отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дыбысталуын тыңдату; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту.	кинотеатрлар бар екендігі туралы елестетулерді дамыту; тұзды қамырдан төртбұрышты, тікбұрышты, үшбұрышты заттар (дүкен, үйлер, кеңселер, кинотеатрлар) жасауды үйрену; мүсіндеу тәсілдерін бекіту (тарту, тегістеу); үлгіні елестетуді, қиялдауды дамыту; өз қаласына деген он көзқарас тудыруға, өз қаласына деген мақтаныш сезімімен қарауға тәрбиелеу.	дамыту, қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету; табиғатқа ұқыпты қарауға, қоршаған ортаға қызығушылық танытуға тәрбиелеу.	арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Өннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Көліктерді бақылау.	Аспанды бақылау.	Құстарды бақылау.	Ауладағы	Желді бақылау.

	(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру. Бақылау барысы. Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды талап етеді. Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.) Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.) Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз,	(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше,	(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау. - Балалар, қандай құстарды білесіңдер? - Құстар немен қоректенеді? - Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме? - Құстардың жазғы тіршілігі қандай? - Құстардың қандай түрлерін білесіңдер? - Құстар қандай дыбыс шығарады? Тақпақ. Бөдене, бөдене,	адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. - Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме? - Ендеше бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз. - Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша.	(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету. Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қонады. (Жел.) Тақпақ. Желдет, желдет! Баласын жылат,
--	---	---	--	---	---

	көліктер ұзақ жол бойымен ағылып кетіп жатады. Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. "Түрлі-түсті көліктер" ойыны. Мақсат-міндеттер: заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі-түсті машина), рөлдер.	азайып және еритінін атап өтуге болады. Жұмбақ. Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. Мақсат-міндеттер: сипатты белгісі бойынша табиғат	Бұғып қалып көдеге, Ұстатпайды қусам да, Тойғызар ем бедеге. "Ұшты - ұшты" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды. Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді. Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды. Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай,	Қыста қар күреді. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса,	Жетіқара, дауылдат! Тайтерісін қалтырат, Өрісін құлат, Науа-астауын жылтырат! "Қол ұстасып жүру" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). (еңбек дағдылары) Үй өсімдігін отырғызуды бақылау. Мақсат-міндеттер: жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз
--	---	---	--	---	---

	"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту. Дене тәрбиесі бойынша жекелей жаттығулар. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу. Балалардың еркін ойыны.	құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). "Дөңгелек лапта" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. Еңбек әрекеті: курап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың	ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады. Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады. Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды. "Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай"	ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жерде жатқан бір	бетінше жинауға үйрету. "Ойлан, асықпа" ойыны. Мақсат-міндеттер: зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық, жарық...; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу. Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың кегли
--	--	---	---	---	---

		шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.	болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар. Еңбек әрекеті: ауланы сыпыруға көмектесу. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа,	шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжуда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдары: үш-төрт шеңбер. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттер: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу.	арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. Балалардың еркін ойыны. Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету.
--	--	--	---	--	--

			жинақылыққа үйрету. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.		
Серуеннен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық "Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру:				

	"Ф-ф-ф". "Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Сөз ойла, тез ойла" ойыны. Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту. Көрнекі құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған ұнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері Ойын барысы. Тәрбиеші бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет. (сөйлеуді дамыту)	"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары,	"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ	"Не өзгерді?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлауды дамыту, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші	"Ою саламыз" саусақ жыттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер

	"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны. Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу. Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер. Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатуға болады. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары сатып алушылар. Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша	құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы). Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. (сөйлеуді дамыту, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру) "Үйшік" ертегісі бойынша үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ертегіні	моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар) ""Қысқы және жазғы ойын-сауықтар" лотосы" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы және қысқы ойын-сауықтар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Құралдары: жазғы және қысқы ойын-сауықтар туралы сурет-карточкалар. (қоршаған ортамен таныстыру)	балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар) "Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа	салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) "Өз үйінді тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: Балаларды биік-аласа, үлкен-кіші, оң жақта, сол жақта - деген ұғымдарды айтуға, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Қажетті құралдар: «Ағаштардың бейнесі». Үйлердің
--	--	--	--	--	---

	сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	мұқият тыңдап, көруге үйрету, кейіпкерлерді тануға, ертегіге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)		тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді	суреттері. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе "үйін" тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады. (танымдық дағдылар)
--	--	---	--	---	--

				немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	
Балалармен жеке жұмыс	Тіл ұстарту жаттығуы: "Кім не істейді?" Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Тасшы тас қалады, Басшы басқарады.	"Ақ қоян" ойыны. Ойын мақсат-міндеттер: балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, тілдерін дамыту, достыққа, ұжымдыққа тәрбиелеу.	"Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу	"Қуыршақ жиһазы" ойыны. Мақсат-міндеттер: үлкен лего құрылыс материалынан қуыршақ жиһазын жасауға машықтандыру, дизайн дағдыларын дамыту.	"Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауларын айтқызу. Балаларға

	Досшыл – дос табады, Қасшыл – қас табады. Төсшіл – төс қағады, Асшыл – ас бағады. Бәсшіл – бәстеседі, Мәсшіл – мәс теседі. (сөйлеуді дамыту)	Ойын құралдары: қоянның маскасы. Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада "қоян" болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып, қоянды айнала жүріп, тақпақ айтады: Ақ қоян-ау, ақ қоян, Орныңнан тұршы, Бетіңді жушы, Шашыңды тарашы, Әй-әй көйлек киші, Біреудің қолын үзші, - дегенде, қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп, өлең бітісімен, жүгіріп барып, шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе, өзі шеңберге қосылып тұрады. Үзілген жердегі, оң	қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Біз шығамыз сапарға, Адымдаймыз қатарда: Бір-екі! Бір-екі! Адымдаймыз қатарда. Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) "Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу. Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. (сөйлеуді дамыту,	(кұрастыру) Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Бақшада". Көңілді бар бала, Бақшаға, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз әткеншек. Шешеміз жұмбақ та, Жаңылтпаш айтамыз. Кешкілік үй жаққа Үлкейіп қайтамыз. Б. Кірісбаев. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	геометриялық пішіндер таратылады. Бөлменің әртүрлі бұрыштарындағы үш шығыршықтың шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішіндері жатыр. Бұл үйде барлық шеңберлер , бұл жерде барлық шаршылар, бұл жерде барлық үшбұрыштар. Барлығы өз үйлерін тапқанда, балаларға топпен серуендеуге шығады. Тәрбиешінің белгісі бойынша барлығы геометриялық пішінін үйдегіден салыстыра отырып, өз үйін табады. Ойын бірнеше рет қайталанады, ал тәрбиеші әрдайым үйлерді ауыстырады.
--	--	--	---	---	--

		жақтағы бала "қоян" болады. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			(математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Кешкі серуен кезінде көліктерді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: көліктің адамды, жүкті тасымалдау үшін керектігін түсіндіріп, түрлі көліктердің атауын жатқа білуге ынталандыру. Көліктердің алуан түріне назар аударту. Адамдарға арналған көліктердің маңыздылығы туралы білімдерін бекіту.	Аспан мен бұлттарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу. Әр түрлі табиғи құбылыстармен танысуды жалғастыру. Ауа-райының қандай екенін ажыратуға үйрету (ашық,	Құстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: жаздағы құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. Аудағы жаңадан ұшып келген құстарды байқау, атау, ерекшеліктерін салыстыру. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.	Гүлдейтін өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге ұқыпты қарауға үйрету, гүлзардағы өсімдіктерге күтім жасау дағдыларын бекіту. "Кім жылдам?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. Құралдары: белбеу. Ойыншылар ойынға	Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: "жел" ұғымын бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Желді күні қандай өзгерістер болатындығына назар аударту. Балалар жалауларға қарап, желдің қай жаққа есетінін бақылайды. Жел соғады бетімізге, Тербеледі ағаштар.

	"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне кедергі келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруге үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі бойынша қозғалысты бастауға үйрету. "Кегльді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке	бұлтты бұлттар, жаңбыр). "Қимыл ойлап табу" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ой-қиялды, вестибуляр аппаратын дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып,	(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "-	екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі ойыншы бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан ұзақ белбеу тастайды да "бір, екі, үш" деп санайды. "Үш" деген де кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс	Тыныш - тыныш отырыңдар, Биік - биік ағаштар. "Жел көбік" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: шеңберде ойына білу қабілетін, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", -
--	--	---	--	---	--

	қарай сыпырып жинау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. "Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан асқан	шығалар" немесе " - лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар. Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. (еңбек	болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады. "Қандай гүл екенін ойлап тап?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды сипаттама бойынша гүлдерді ойлап табуға; гүлдерді айыра білулерін бекіту. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып	деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру);
--	---	--	---	---	---

		ептілікпен қашып өтуге үйрену. Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар. (дене шынықтыру) Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. "Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға	қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. Еңбек әрекеті: құм салғыштың бетін ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.
--	--	--	---	--	---

			арналған себеп, балаларға доптар. Балалардың еркін ойындары.		Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. "Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: Биік емес бөрене үстімен жүріп,екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету. Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді,				

	әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру.	"Отбасындағы еңбек тәрбиесі"тақырыбын да ата-аналармен әңгіме.	Ата-аналарға арналған "Дұрыс сөйлеуді үйрету" жаднамалары.	"Балаларға - ойыншықтар" науқанын өткізу	"Демалыс күндері баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру"тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.

Әдіскер: А.А.Сулейменова